

**Орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облыстық әкімиятының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 172 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2005 жылғы 01 шілдеде 1622 нөмірімен тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 31 бабы 2 тармағының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" қаулысын орындау үшін облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын орта кәсіптік білім беру ұйымдарында орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін (қоса беріледі).

2. Облыс әкімиятының білім беру департаменті облыстық бюджеттен қаржыландырылатын орта кәсіптік білім беру ұйымдарында орта кәсіптік білімді мамандарды даярлауға арналып бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды жүргізісін.

3. Облыс әкімиятының экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруды 2005 жылға арналған бюджетпен бекітілген білім беру ұйымдарын ұстау үшін көзделген шығыстар шегінде қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысынан бөлінсін:

I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін, - 0,5 пайыз;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, - 1 пайыз;

ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға түсетін ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін, - 30 пайыз;

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар үшін, - 2 пайыз.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары К.М. Демешке жүктелсін.

*Облыс Әкімі*

*Б. Жексембин*

О б л ы с

ә к і м и я т ы н ы ң

2005 жылғы 26 мамырдағы N 172

"Орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы"

қаулысымен бекітілген

**Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын орта кәсіптік білім беру ұйымдарында кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға 2005-2006 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Коды	Кәсіптік орта білімді мамандар даярлау бағыттарының атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	
		Барлығы	Оның ішінде қазақ тілінде
1	2	3	4
0501002	Ветеринария	40	40
4412002	Фермер шаруашылығын ұйымдастыру және жүргізу	40	40
4406002	Агрономия	15	15
4402002	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	20	20
4405002	Жерге орналастыру	20	20
0601002	Кітапхана ісі	20	20
3002002	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	15	10
3706002	Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету	35	35
4123002	Киімдерді құрастыру және модельдеу	20	5
4214002	Нан пісіру, макарон және тәтті тағам өндірісінің технологиясы	5	5
0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит	75	75
0310002	Дене тәрбиесі	20	20
2002002	Мұнай мен газ кен орындарын пайдалану	50	50

3925002	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	45	45
0619002	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер	25	20
0716002	Банк ісі	50	50
0314002	Бастауыш сыныптарда оқыту	64	45
0306002	Қазақ тілі мен әдебиеті	40	40
0604002	Аспапта орындаушылық	21	15
0607002	Хорда дирижерлік ету	7	4
0712002	Ағылшын және түрік тілдерінде оқытылатын менеджмент	25	25
0831002	Ағылшын және түрік тілдерінде оқытылатын маркетинг	25	25
3312002	Кәсіпорындар мен азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау, іске қосу және пайдалану	15	5
0313002	Кәсіптік білім беру	50	45
4303002	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	15	15
0205002	Құқықтану	15	15
2506002	Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика	25	10
0703002	Қаржы	40	40
4323002	Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және жүргізу	25	-
3306002	Электр және электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	15	15
0802002	Күрделі тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету	20	20
0612002	Актерлік өнер	15	15
0401002	Емдеу жұмысы	140	80
0402002	Акушерлік жұмыс	50	50
0403002	Мейірбике ісі	60	60
Жиынтығы:		1162	994

**<\*> Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Жамбыл облыстық әкімиятының 2005 жылғы 28 шілдеде N 221 шешімімен.**